

Шымкент қаласының агрономикалық кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 54 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 ақпанда № 88 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агрономикалық кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласының агрономикалық кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Б.Пармановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

қала әкімі

M. Айтебов

Шымкент қаласы әкімдігінің

2020 жылғы "4" ақпандағы

№ 54 қаулысына қосымша

Шымкент қаласының агрономикалық кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Шымкент қаласы әкімдігінің 13.06.2022 № 1413 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы Шымкент қаласының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі — Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 2-тармағы 10-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 54-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды, оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен енгізу және тарату үшін іріктеуді ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өндеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) АӨК субъектілері – агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte Шымкент қаласының агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу бойынша бюджеттік бағдарламаны әкімшілendіру жөніндегі функциялары жүктелген "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бағдарлама әкімшісі);

4) комиссия – Бағдарламаның әкімшісі құратын, мүдделі жергілікті атқарушы органдардың, ғылымның, бизнестің және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен тұратын алқалы орган (бұдан әрі - Комиссия);

5) өтініш беруші - Бағдарлама әкімшісіне өтінімді берген, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлға;

6) өтінім - осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген белгіленген үлгідегі өтініш.

2-тарау. Инновациялық жобаларды іріктеу шарттары

3. Инновациялық жобаларды іріктеу Шымкент қаласының АӨК келесідей салалық бағыттары бойынша жүргізіледі:

- 1) өсімдік шаруашылығы (оның ішінде, өсімдіктерді қорғау және қарантин);
- 2) мал шаруашылығы және ветеринария;
- 3) балық шаруашылығы;

- 4) ауыл шаруашылығын механизациялау;
- 5) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру;
- 6) мал азығын өндіру технологиясы.

4. АӨК субъектілерінің инновациялық жобасы, аграрлық бейіндегі ғылыми жетістіктерін (әзірлемелерін) және инновациялық агротехнологияларын тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты игеру мерзімі мен сомасы нақты инновациялық жобаның ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.

5. Инновациялық жобаларды іріктеу рәсімі төрт кезеңмен жүзеге асырылады:

1-кезең: Бағдарлама әкімшісі өтінімдерінің толықтығы мен оларды ресімдеу сапасын, осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарауды;

2-кезең: Бағдарламаның әкімшісі бекітетін жұмыс тобының инновациялық жобаларды іріктеу талаптарына өтінімдердің сәйкестігі негізінде олар бойынша қорытынды дайындауды;

3-кезең: Комиссияның өтінімдер мен кешенді қорытындыларды қарауды;

4-кезең: Бағдарлама әкімшісінің Комиссия қорытындысы негізінде инновациялық жобаны қаржыландыру немесе қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдауды.

3-тарау. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі мен өлшемдері

6. Шымкент қаласының АӨК саласында инновациялық жобаларды іріктеуді конкурстық негізде Бағдарлама әкімшісі жүргізеді.

7. Бағдарлама әкімшісі конкурс өткізу күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Бағдарлама әкімшісінің ресми сайтында конкурсты өткізу туралы хабарландыру жариялады.

8. Құжаттар беру және инновациялық жобаларды іріктеу бойынша конкурс (бұдан әрі - Конкурс) өткізу мерзімдерін жыл сайын Бағдарлама әкімшісі айқындейдайды.

9. Өтініш беруші Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің жоспарды;
- 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің жоспарына түсіндірме жазбаны;
- 3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің жоспарына түсіндірме жазбаны;
- 4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің сметасын;
- 5) инновациялық жобаларды іске асыруға қатысатын өтініш берушінің мамандарының түйіндемесін;
- 6) өтініш берушінің аграрлық бейінінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салаларды растайтын лицензияларының, патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, дипломдарының немесе басқа да құжаттарының нотариалды

куәландырылған көшірмелері немесе салыстыру үшін міндettі түрде құжаттардың түпнұсқаларын;

7) занды тұлғалар үшін (қосымша):

занды тұлғаның нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының (жарғының және (немесе) құрылтай шартының) және ғылыми-зерттеу ұйымының аккредитациялау туралы куәлігінің көшірмелері немесе салыстыру үшін міндettі түрде құжаттардың түпнұсқалары;

занды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) жөнінде анықтамасын;

салық берешегінің және міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасын (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда);

банктердің, оның ішінде шетелдік банктердің қол қойылған және мөрімен, өтініш берушінің ағымдағы жағдайы туралы міндettемелердің барлық түрлері бойынша ұзақ мерзімді берешегінің жоқтығы туралы анықтамаларының түпнұсқаларын;

8) жеке тұлғалар үшін (қосымша):

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі, жеке кәсіпкердің құжаттарының көшірмелері немесе салыстыру үшін міндettі түрде құжаттардың түпнұсқаларын;

салық төлеушінің салық берешегінің бары немесе жоқтығы туралы анықтамасын.

10. Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу үшін жергілікті бюджеттен қаржыландыру алуға конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші ұсынатын материалдар параграфы тігіліп, нөмірленіп және іс болып қалыптастырылуы тиіс.

11. Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың, бастапқы деректердің, есеп айырысуладың, негізdemелердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

12. Конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау мерзімі аяқталған соң, Бағдарлама әкімшісі 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей өтінімдерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі бойынша іріктеу жүргізеді.

13. Ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес емес екендігі анықталған жағдайда, Бағдарлама әкімшісі бұл туралы құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарлайды.

Өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жояды, мерзім өтіп кеткен жағдайда, егер өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жоймаса, өтінім қабылданбайды.

Бағдарлама әкімшісі пысықталған өтінімдерді олар ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды.

Өтінім қабылданбаған жағдайда, ұсынылған құжаттар өтініш берушіге қайтарылады

14. Бағдарлама әкімшісі бекіткен жұмыс тобы инновациялық жобаларды іріктеудің бірінші кезеңінен өткен, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімдер бойынша олардың инновациялық жобаларды іріктеу талаптарына сәйкестігінің негізінде қорытынды дайындаиды.

4 - тарау. Өтінімдерді кешенді бағалау және іріктеу

15. Бағдарлама әкімшісі бекіткен жұмыс тобы әрбір өтінім бойынша қорытынды шығарғанда, мынадай талаптарды негізге алады:

- 1) өтінім беруші ұсынған материалдар осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;
- 2) жобаның инновациялық бағыттылығы, техникалық түрғыдағы іске асыру мүмкіндігі, Шымкент қаласы аумағындағы АӨК енгізуге және таратуға дайындығының деңгейі;
- 3) жобаның өзектілігі, Шымкент қаласының және Қазақстан Республикасы АӨК саласының дамуы басым бағыттарына сәйкестігі;
- 4) инновациялық жобаның қаражатын игерудің егжей-текжайлі болжамының және инновациялық жобаны Шымкент қаласының АӨК одан әрі тарату перспективаларының болуы;
- 5) инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті құрал-жабдықтардың, инфрақұрылым мен ресурстардың болуы;
- 6) инновациялық жобаның бәсекеге қабілеттілігі;
- 7) инновациялық жобаның экономикалық түрғыдан тиімділігі.

16. Бағдарламаның әкімшісі бекіткен Комиссия тұрақты негізде әрекет етеді. Комиссияның жалпы құрамы кемінде бес адамды құрайды.

17. Өтінімдер мен Бағдарламаның әкімшісі бекітетін жұмыс тобының он қорытындысын Комиссияның қарауы осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

18. Материалдарды қараудың қорытындылары бойынша Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру туралы немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсыным шығарады.

19. Комиссия ұсынымының негізінде Бағдарлама әкімшісі (қалалық бюджет Комиссиясының шешімінен кейін) инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру туралы немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім шығарады. Шешім Бағдарлама әкімшісінің тиісті бұйрығымен рәсімделеді.

20. Бағдарлама әкімшісі инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағдарлама әкімшісі мен конкурс қорытындылары бойынша айқындалған өтініш беруші арасында инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу жөніндегі шарт жасалады.

21. Инновациялық жобаны қаржыландыруға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты оның нысаналы мақсатына және белгіленген тәртіппен бекітілген шығыстар сметасына қатаң сәйкестікпен пайдалану инновациялық тәжірибелі тарату мен ендіру туралы шарттың міндетті талабы болып табылады. Инновациялық жобаның пайдаланылмаған қаражаты жергілікті бюджетке қайтарылуға жатады.

22. Инновациялық жобаны қаржыландыруға берілген бюджет қаражаты бекітілген шығыстар сметасында көзделмеген мақсаттарға жұмсалған жағдайда толығымен жергілікті бюджетке қайтарылуға жатады.

23. Шымкент қаласы АӨК инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу нәтижелерін бағалау мыналарды қамтиды:

1) инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу нәтижелерінің сан мен сапа түрғысындағы көрсеткіштері қала экономикасына, еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігін арттыруға ықпалын бағалауды және нақты айқын нәтижелерді;

2) қолданыстағы технологиялармен салыстырғанда, инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу іс-шараларын жүзеге асырудан Шымкент қаласы АӨК субъектісі және ауыл шаруашылығы өндірісі үшін экономикалық тиімділікті;

3) инновациялық жобаларды енгізу нәтижелерін Шымкент қаласы АӨК дамуына, аграрлық нарықтағы ахуалға байланысты экономикалық бағалауды;

4) АӨК нақты субъектісінің жағдайында іске асыру процестерін ғалымдардың жеке қолдауы арқылы ендіруден технологиялық тәуекелді азайту және жоба іс-шаралары жүзеге асырудан максималды табыс алушы.

5 - тарау. Қаржыландыру және қаржыны игеру

24. Қаражат іріктеуден өткен өтініш берушіге іс-шараларды іске асыру жоспарына сәйкес төленеді. Төлем тәртібі және нысаны шарттың талаптарымен қарастырылады.

25. Қаражат қатаң түрде шартта қарастырылған нысаналы мақсатқа сәйкес пайдаланылады.

26. АӨК субъектілерінде аграрлық саладағы қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) және инновациялық агротехнологияларды тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты игеру және оның сомасы нақты инновациялық жобаның өзгешеліктеріне сәйкес айқындалады, алайда мыналардан артық емес мерзімі бойынша – ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын жақсарту бойынша ғылыми әзірлемелерден бөлек барлық жобалар бойынша 12 (он екі) айға дейін, сомасы бойынша – 50 (елу) миллион теңге:

Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын жақсарту бойынша ғылыми әзірлемелердің өзіндік жұмыстары мен қажетті талаптарды сақталуын қамтамасыз етуге байланысты, оларды енгізу мен тарату мерзімі 36 (отыз алты) айды құрайды.

27. Қаражат инновациялық жобаға қатысушы тараптардың болған салықтық және өзге де берешектерін жабуға пайдаланылмайды.

28. Негізгі құрал-жабдықтарын, ауыл шаруашылығы жануарларын, генетикалық материалдарын, іс-шаралар нәтижелерін кеңінен таратуға басқада шығыс материалдарын (жанар-жағармай материалдары, тұқымдық материал, қосалқы бөлшектер және басқалар) сатып алумен, ғимараттар мен құрылыштарды ұстаумен байланысты шығындар іс-шараларды іске асыруға қатысушы АПК субъектілерінің жеке қаражаттары есебінен жабылады.

29. Іске асыру жоспары бойынша жүзеге асырылған шығындардың бюджетке сәйкестігін тексеру мақсатында, Бағдарлама әкімшісі қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органның мүдделі уәкілетті органдарының мамандарын тарта отырып, ағымдағы қаржылық мониторинг жүргізуі жүзеге асырады.

Барлық актілер, есептер мен қаржылық есептер іріктеуден өткен өтініш берушімен үш данада жасақталады, болған жағдайда инновациялық жобаның өзге де орындаушыларымен бұрыштама қойылады және Комиссиямен бекітеледі.

Іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында қажет болған кезде, іріктеуден өткен өтініш беруші жергілікті атқарушы органның уәкілетті органдарының өкілдерінің іс-шаралар іске асырылып жатырған объектілерге кіруін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, олардың ресми сұрауы бойынша іс-шараларды іске асыру процесіне тікелей қатысты барлық қажетті ақпараттарды ұсынуға міндettі.

6 - тарау. Қорытынды ережелер

30. Алынған бюджеттік қаражаттар мақсаттан тыс пайдаланылған және ұсынылған жобаның келесі екі жыл ішінде Шымкент қаласының АӘК таралуы анықталмаған жағдайда, осы қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

Шымкент қаласы
агроөнеркәсіптік кешен
саласында инновациялық
жобаларды іріктеуді
ұйымдастыру қағидаларына
1-қосымша

Өтінім нысаны

1.	Tіркеу нөмірі және күні (Бағдарлама әкімшісі қызметкерімен толтырылады)
2.	Іс-шараның атаяу
3.	Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу саласы (кіші саласы)
4.	Іс-шараның қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі мақсаты мен мәнін көрсету, жоба нәтижелерінің нақтылы қолданылуы, осында жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесі)

5.	Жобаның ұзактығы (айларда)
6.	Жобаның басталу және аяқталу күні
7.	Сұралатын қаражаттың сомасы (тенгемен)
8.	Өтініш берушінің атауы, мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық поштасының мекен-жайы
9.	Өтініш берушінің байланыс тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, телефоны, электрондық поштасы
10.	Инновациялық жобаның басшысы (ғылыми-зерттеу үйымының қызметкері), (лауазымы, телефоны, факсы, электрондық поштасы көрсетіледі)
11.	Инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуышы АӨК субъектілерінің атауы, мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық поштасы

Шымкент қаласы
агроенеркәспіттік кешен
саласында инновациялық
жобаларды іріктеуді
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша

Инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің жоспары (аталуын көрсету)

№	Жұмыс түрі	Күтілетін нәтижелер (жылдар бойынша)			
		1- тоқсан	2- тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан
1.					
2.					

Шымкент қаласы
агроенеркәспіттік кешен
саласында инновациялық
жобаларды іріктеуді
ұйымдастыру қағидаларына
3-қосымша

Инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің жоспарына түсіндірме жазба

1. Инновациялық жобаны іске асыру бойынша іс-шараның атауы.
2. Ис-шараның іске асырылатын жері: елді мекен.
3. Ис-шараның мақсаты және міндеттері (1 беттен аспауы тиіс).
4. Негізгі өтініш берушінің (ғылыми-зерттеу үйымының) және іс - шараларға қатысуышы АӨК субъектілерінің қысқаша сипаттамасы (0,5 беттен аспауы тиіс):
 - 1) толық атауы;

2) негізгі өтініш берушінің және іс-шараларға қатысуышы АӨК субъектілерінің қызметтерінің сипаттамасы;

3) негізгі мамандар, олармен орындалатын жұмыстарының түрлері (түйіндеме және біліктілігін растайтын құжаттарын қоса);

4) осы іс-шара шенберінде басқада жобаларды іске асырғаны туралы ақпарат.

5. Іс-шаралардың негіздемесі: іс-шараны іске асырудың өзектілігі мен қажеттілігі, оның өнірдің АӨК технологиялық даму деңгейіне және еңбек өнімділігіне әсерінің сипаттамасы (0,5 беттен аспауы тиіс).

6. Іс-шараларды іске асыру шенберінде орындалатын негізгі жұмыстардың сипаттамасы: қандай жұмыстар атқарылады, өндірісте пайдалану үшін, жобаны орындау барысында апробациялау және көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер мен технологиялар, нақты шаруашылық, қала экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Әрбір жұмыстың мақсатын, мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстарға қажеттілікті, оның ішінде іс - шараларды іске асыруға қатысатын АӨК субъектісінің базасында ғылыми әзірлемені (технологияны) енгізу және тарату жөніндегі ғылыми-зерттеу үйымының әдіснамасын келтіру қажет (2,5 беттен аспауы тиіс).

7. Нәтижелілігі: іс-шараның сандық және сапалық көрсеткіштері. Өтініш берушінің ұсыныстарында еңбек өнімділігін жақсартуға ықпал етудің нақты нәтижелері, өндіріс пен қала экономикасының тиімділігі көрсетілуі тиіс.

Иновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың экономикалық тиімділігін бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып көрсету, қаланың АӨК дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал түрфысынан іс-шараның мақсаттылығын негіздеу қажет (1,5 беттен аспауы тиіс).

8. Экологиялық бағалау іс-шараны іске асырудың өнірдің қоршаған ортасына және табиғи ресурстарына әсерін (қанағаттандыралық, бейтарап немесе жағымсыз) қамтуы тиіс. Жағымсыз әсер еткен жағдайда мұндай әсерді женілдету үшін не жасалатындығы көрсетілуі қажет (0,5 беттен аспауы тиіс).

9. Тәуекелдер: іс-шараны табысты аяқтаудың негізгі тәуекелдері және мұндай тәуекелдерді еңсеру жөніндегі шаралар (0,5 беттен аспауы тиіс).

10. Жобаның өмірге икемділігі: инновациялық жоба шенберінде қаржыландыру аяқталғаннан кейін іс-шараларды іске асыруға қатысуышы АӨК субъектілері өндірісінің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қабылданатын шараларды сипаттау қажет (0,5 беттен аспауы тиіс).

Шымкент қаласы

агроенеркәсптік кешен

саласында инновациялық

жобаларды іріктеуді

үйымдастыру қагидаларына

4-қосымша

Инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің сметасы (атауын көрсету керек) мың теңге

№	Шығыста рдың бапт ары	Өлшеме мін бірлігі	Багасы	Күн	соның ішінде айлар бойынша											
					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Еңбе кақы															
1)																
2)																
2.	Іссап ар шығыста ры															
1)																
2)																
3.	Тіке лей шығында р															
1)																
2)																
4.	Қосымша шығында р															
Барлығы:																

Ескертпе: ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығының жай-күйін жақсарту жөніндегі инновациялық тәжерибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтердің сметасында инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың әрбір жылына жеке көрсетіледі; "шығыстар бабы" бағанында бюджет қаржатынан және өтініш берушілердің өз қаржатынан (болған жағдайда) қаржыландырылатын шығыстар жеке көрсетіледі.

Шымкент қаласы
агроенеркесіптік кешен
саласында инновациялық
жобаларды іріктеуді
ұйымдастыру қағидаларына
5-қосымша

Шымкент қаласы агрономикалық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі үлгі шарт

№ ____ "_____" 20__ж. _____ атынан,
бұдан
әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, ереженің негізінде әрекет ететін,
_____ (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) бір
тараптан,
және бұдан әрі Орындаушы деп
аталатын, _____ (Орындаушы конкурс жеңімпазының
толық
атауы) атынан, жарғының негізінде әрекет
ететін _____ (уәкілетті адамның
лауазымы,
тегі, аты, әкесінің аты) екінші тараптан, Комиссия отырысының 20____ жылғы "___"

№____ хаттамасын негізге ала отырып, Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және
ветеринария басқармасының 20____ жылғы "___" _____ №____ шешімімен
инновациялық
жобаны тарату және енгізу бойынша осы Келісім-шартты (бұдан әрі- Шарт) жасасты
және
мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Келісім-шарттың мәні

1.1. 026 "Инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтер" атты
бюджеттік бағдарлама бойынша "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды
дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
АӨК

саласындағы инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу бойынша атқарылатын
жұмыстарды Тапсырыс беруші міндеттейді, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.

Бағдарлама: _____

Бағыты: _____

Такырыбы: _____

1.2. Орындаушы _____ инновациялық тәжірибелі
тарату мен енгізу бойынша мынадай шаруашылықтардың өндірістік жағдайларында
қызмет

көрсетуге міндеттенеді:

1) _____

2) _____

3) _____

"_____" жеке және занды тұлғамен

әзірленген және осы келісім Шарттың 1.4 тармағының ажырамас бөлігі болып саналатын _____ инновациялық жобаға сәйкес.

1.3. 20 ____ жыл ішінде Орындаушының қызметтер көрсету мерзімі.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда баяндалған талаптар осы Шартты қурайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) осы Шарттың 2-бөлімінде баяндалған инновациялық жобаның сипаттамасы (техникалық ерекшелік);
- 3) Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі (осы Шартқа 1-қосымша);
- 4) Шарт бойынша ұсынылған нысаналы бюджеттік қаражаттарының пайдалануы туралы қаржылық есеп (осы Шартқа 2-қосымша);
- 5) аралық және қорытынды есеп (осы Шартқа 3-қосымша);

1.5. Көрсетілетін қызмет Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасында қабылдау - тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

2. Біліктілік сипаттары бойынша инновациялық жобаның сипаттамасымен экономикалық көрсеткіштері

- 2.1. Жұмыстың бағыты.
- 2.2. Ғылыми-техникалық деңгейі (жаңалық).
- 2.3. Шымкент қаласының АӨК қолданылатын саласы.
- 2.4. Енгізу мен таратудың түпкілікті нәтижесі.
- 2.5. Енгізу мен таратудың экономикалық тиімділігі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Орындаушы міндетті:

1) _____

инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісінше сапалы қызметтер көрсетуге;

- 2) осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде қызметті толық көлемде көрсетуге;
- 3) егер қызмет көрсету барысында Орындаушымен осы Шарттың талаптарының бұзушылықтары, барлық анықтаған кемшіліктері Тапсырыс берушінің талабы бойынша тегін түзетуге;

4) көрсетілген мерзімде Тапсырыс берушіге осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес қорытынды есепті ұсынуға.

3.2. Тапсырыс беруші құқылы:

1) орындаушымен атқарылатын жұмыстардың барысы мен сапасын оның қызметіне араласпай тексеруге;

2) тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тартуы туралы хабарламасын алғанға

дайін орындалған көрсетілетін қызметтердің бір бөлігінде бара-бар белгіленген бағаны төлең,

орындалған жұмыстардың актісіне қол қойылғанға дайін кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға.

4. Шарттың жалпы сомасы және төлеу шарттары

4.1. Шарттың жалпы сомасы қызметтер көрсетумен байланысты барлық шығындардың

құнын қоса алғанда, барлық салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді ескере отырып,

_____ теңгені құрайды. (жазбаша)

4.2. Төлеу Шарттары:

1) тапсырыс беруші осы Шарт қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап
5

банктік күн ішінде Шарт сомасының 30 % көлеміндегі соманы алдын ала төлейді;

2) келесі төлем ай сайын нақты көрсетілген қызметтер бойынша Орындаушымен ұсынылған көрсетілген қызметтерге шот-фактурасы мен қабылдау-тапсыру актісі негізінде

аванс толық өтелгеннен кейін жүргізіледі.

4.3. Қаржыландыру көзі: Шымкент қаласының жергілікті бюджеті.

4.4. Орындаушы өзінде бухгалтерлік есепті және орындалған жұмыстың нақты құны

бойынша талдауды жүргізуі қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5. Жұмысты тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шымкент қаласы АӨК саласында инновациялық

жобаларды іріктеуді үйымдастырудың бекітілген Қағидаларына сәйкес инновациялық жобаны

іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау кезеңдерінде Орындаушымен ресімдеуіне

және тапсыруына жататын ғылыми-техникалық және өзге де құжаттаманы берे отырып
,

инновациялық тәжрибелі тарату және енгізу жөніндегі жүргізілген жұмыстар туралы
тоқсан

сайынғы аралық есепті осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес ұсынуға міндеттенеді.

5.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге нысаналы бюджеттік қаражаттың
пайдаланылуы

туралы қаржылық есебін осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес беруге міндеттенеді.

5.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге инновациялық жобаны тарату және енгізу
бойынша жүргізілген жұмыстар туралы жылдық қорытынды есебін осы Шарт
орындалғаннан

кейін _____ жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей осы Шарттың 3-
қосымшасына
сәйкес беруге міндеттенеді.

5.4. Орындаушы Тапсырыс берушіге _____ жылдың 15 желтоқсанынан
кешіктірмей орындалған жұмыстардың актісін осы Шарттың 1-қосымшасына сәйкес
береді.

5.5. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Тапсырыс беруші
мерзімінен
бұрын жұмыстарды қабылдауға және ақысын төлеуге құқылы.

5.6. Жұмыстың келеңсіз кері нәтижесін алуға немесе Орындаушының жұмыстарды
бұдан әрі жүргізуі мақсатқа сай болмауына жол берілмейді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шартта көзделген міндеттер орындалмаған жағдайда, тараптар Қазақстан
Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптар мен тәртіpte
жауапты
болады.

6.2. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Орындаушының
ұсынған
қызметтеріне байланысты Шартқа ешқандай толықтырулар немесе өзгерістер енгізуге
рұқсат
етілмейді.

6.3. Белгіленген уақытта жұмыс орындалмаған жағдайда, Орындаушы бюджетке
мерзімінен кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,03 %
мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Орындаушиның тарапынан осы Шартта көзделмеген жағдайда тәртіп бұзылғаны

анықталса, осы Шарт кез келген кезеңінде бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Орындаушиның осындай негізben осы Шарттың бұзылуына байланысты шығындарды өтеуді

Тапсырыс берушіден талап етуге құқығы жоқ.

7.2. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық

келіспеушілік пен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу үдерісінде шешу үшін барлық күш-

қайратын жұмсауы тиіс.

7.3. Егер осындай келіссөздер жүргізу басталған күннен кейін 21 күн ішінде тараптар

Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың әрқайсысы бұл мәселенің шешілуін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етуге құқылы.

8. Өзге де жағдайлар

8.1. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жасалады.

8.2. Осы Шарт үш дана болып жасалды. Үш дана бірдей және бірдей күші бар.

8.3. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама хат, жеделхат немесе электронды пошта арқылы жолдайды, кейін түпнұсқасын береді.

8.4. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер орындаушы Шартта көзделген мерзімде қызметтерді ұсына алмаса, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Шарт шенбераңдегі

өзінің құқығына нұқсан келтірмesten, мерзім өткізілген әрбір күн үшін Шарт құнының 0,1 %

мөлшерінде соманы тұрақсыздық айыбының қосымша түрінде Шарт бағасынан шегере алады.

8.5. Егер Шартты орындаудың кешіктіруі форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан

болып табылса, оның талаптарды орындалмағаны үшін Орындаушы тұрақсыздық айыбының

төленуіне немесе Шарттың бұзылуына жауапты болмайды.

8.6. Осы Шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Орындаушиның тарапынан бақылауға бағынбайтын қателігіне немесе салдыры - салақтығына қатысы жоқ сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар, әскери қимылдар, табиғи немесе дүлей апаттар, індеп,

карантин және қызметтерді көрсетуге эмбарго сияқты, алайда шектелмеген әрекеттерді қамтиды.

8.7. Форс-мажорлық жағдай пайда болған кезде Орындаушы осындай мән-жайларды және олардың себептері туралы дереу бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жазбаша түрде хабарлама жолдауы тиіс. Егер бюджеттік бағдарлама әкімшісінен басқада жазбаша нұсқаулық келмесе, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемесін орындау орындылығына қарай, жалғастырады және Шартты орындаудың форс-мажорлық жағдайларға байланысы жоқ балама тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. Таратардың мекен-жайлары мен деректемелері

Тапсырыс беруші:	Орындаушы:
(толық атауы)	(занды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның тегі, аті, әкесінің аты (болған жағдайда))
(занды мекенжайы)	(мекенжайы)
(телефон, факс)	(телефон, факс)
(бизнес сәйкестендіру нөмірі)	(бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)
(банктік сәйкестендіру коды)	(банктік сәйкестендіру коды)
(жеке сәйкестендіру коды)	(жеке сәйкестендіру коды)
(банк атауы)	(банк атауы)
(уәкілдік тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(уәкілдік тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
(қолы)	(қолы)

Шымкент қаласы
агроенеркесін кешені
саласында инновациялық
тәжірибелі тарату мен енгізу
жөніндегі келісім шартқа
1- қосымша

20__ жылғы "___" №____ шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау - тапсыру Актісі

20 " " № келісім-шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі № 20 " " _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____ негізге алып Тапсырыс берушінің атынан әрекет етуші, _____ бір тараптан және _____ атынан, Жарғыны негізге алып әрекет етуші бірінші басшысы _____

екінші тараптан, 20 " " № Келісім-шартқа сәйкес 026 "Инновациялық тәжірибелі тарату мен енгізу жөніндегі қызметтер" деген бағдарлама бойынша, Тапсырыс беруші мынадай көрсетілген қызметтерді қабылдады:

- 1)
- 2)
- 3)

Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) құны _____ (сомасы санмен және жазумен) теңге. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерін қоса.

Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) сапалы орындалған, келісім-шарттың талаптарын қанағаттандырады.

Тараптардың өзара наразылығы жоқ.

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____ Т.А.Ә.(болған жағдайда) МО тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____ Т:А:Ә (болған жағдайда) МО.

Шымкент қаласы агроЕнеркәсіп
кешені саласында
инновациялық тәжірибелі
тарату мен енгізу жөніндегі
келісім шартқа
2- қосымша

20 жылғы " " № келісім-шарт бойынша берілген нысаналы бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы туралы қаржылық есеп

№	Смета бойынша шығыстар баптарының аталуы	Смета бойынша бюджеттік қаражаттың сомасы	Жұмсалған сома	Қаражат қалдығы	Растайтын күжаттар	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны:						

Ескертпе: мақсатты пайдаланылғанын растайтын құжаттардың көшірмесі қоса берілуі қажет.

Шымкент қаласы агроОнеркәсіп
кешени саласында
инновациялық тәжірибелі
тарату мен енгізу жөніндегі
келісім шартқа
3- қосымша

Аралық және қорытынды есептің нысаны

Есеп күні	
Орындаушының және болған жағдайда серіктесінің атауы	
Шарттың нөмірі мен күні	
Каржыландырудың мақсаты	
Каржыландырудың сомасы	
Есептілік кезеңі	
Қол жеткізілген нәтижелер	
Қорғау құжатының атауы (бар болған жағдайда)	
Қорғау құжатының нөмірі мен берілген күні (бар болған жағдайда)	
Растайтын құжаттар және фото (видео)	

Ескертпе: аралық және қорытынды есептің нысаны қаржыландырудың ерекшеліктеріне байланысты толтырылады.

Өтінім беруші _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә (болған жағдайда))
М.О.